

І ш к і і с т е р м и н и с т р і

Қ. Қ а с ы м о в

2016 жылғы 15 наурыз

« К Е Л І С І Л Д І » :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р і

Е. Д о с а е в

2016 жылғы 19 қаңтар

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

И н в е с т и ц и я л а р

ж ә н е

д а м у

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

3 0

с ә у і р д е г і

№ 5 3 3

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Ұлттық теміржол компаниясы мен тасымалдаушылардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Ұлттық теміржол компаниясы мен тасымалдаушылардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабының 2-тармағының 34-25) тармақшасына сәйкес әзірленген және тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Ұлттық теміржол компаниясы мен тасымалдаушылардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

2) кеден органдары – өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасындағы кеден ісін іске асыруды жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын мемлекеттік кіріс органдары;

3) ішкі істер органдары – адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтарын

мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органдары.

2. Тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Ұлттық теміржол компаниясы мен тасымалдаушылардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі

3. Теміржол көлігімен жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк багаждарын және почта жөнелтілімдерін республикаішілік қатынаста тасымалдау Заңның 14-бабының 2-тармағының 34-15) тармақшасына сәйкес бекітілетін Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

4. Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес теміржол көлігімен халықаралық қатынаста және транзитпен жолаушыларды, багажды, жүкті және жүк-багажды тасымалдау Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Ұлттық теміржол компаниясы және тасымалдаушылар тасымалдарды жүзеге асыру кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдармен, сонымен қатар, уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасайды.

6. Жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті, почта жөнелтілімдерін тасымалдау кезінде және көліктік-экспедициялық қызметтерді жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы арнайы және әскери тасымалдауларды жүзеге асыруға өздерінің құзыреттері шегінде мемлекеттік органдардың талаптарын орындайды.

7. Тасымалдаушылармен теміржол көлігімен тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасасады, бірлескен бақылау шараларын қабылдайды, өзара ақпарат алмасуды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

8. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 154-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік органдар мен ведомствоға қарасты ұйымдардың мамандары, кеңесшілері және сарапшылары уәкілетті органға теміржол көлігі саласында қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне көліктік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда жәрдемдеседі.

9. Тасымалдау процесіне қатысушылар мен жылжымалы теміржол құрамының иелері уәкілетті органға жылжымалы теміржол құрамына, сондай-ақ магистральдық, станциялық және кірме жолдарға жүргізілген жоспарлы жөндеу туралы ақпарат береді.

10. Теміржол көлігімен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушылар Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 527 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 12993 болып тіркелген) бекітілген Уәкілетті

мемлекеттік органға және (немесе) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға ресімделген және (немесе) броньға қойылған билеттер туралы мәліметтерді беру қағидаларымен орнатылған тәртіпте уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға ресімделген және (немесе) броньға қойылған билеттер туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етеді.

11. Көліктегі ішкі істер органдары мен тасымалдаушылар арасында өзара іс-қимыл жолаушылар поездарымен жолаушыларды, багаждарды, жүк багаждарын тасымалдау кезінде Заңмен және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 485 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 6018 болып тіркелген) бекітілген Көліктегі ішкі істер органдарының патрульдік полициясы саптық бөліністерінің жолаушылар поездарына ілесіп жүруін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен белгіленген нормалар шеңберінде жүзеге асырылады.

12. Жолаушылар поездарына ілесіп жүру бойынша патрульдік полиция саптық бөліністерінен бөлінетін полиция жасақшаларының жолаушылар поездарына ілесіп жүруі қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу, жолаушылардың жеке және мүліктік, вагон жабдықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

13. Жолаушылар поезындағы тасымалдаушының өкілі рейстік журналға поездарға ілесіп жүру жөніндегі полиция жасақшасына кіретін қызметкерлердің аты-жөнін, олардың қызмет куәліктері мен бағыт парағының нөмірін жазады.

14. Теміржол көлігі жұмысшылары қызметтік міндеттерін орындау кезінде жолаушылар поездарына ілесіп жүруді қамтамасыз ететін патрульдік полиция бөліністерінің жасақшаларына жан-жақты көмек көрсету қажет.

15. Жолаушылар поезындағы тасымалдаушының өкілі қызметтік міндеттерін о р ы н д а у к е з і н д е :

полиция жасақшаларының бағыт парағына поездарға жедел жағдай туралы ақпарат, қызметкерлердің өз міндеттерін орындауда ескертулер және оларды жою жөнінде ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і ;

көліктегі ішкі істер органдарын полиция поезда ілесіп жүретін жасақшаларының жол жүру кезінде қызметтік тәртіпті өрескел бұзғаны туралы ақпараттандырады.